

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 –Филология
/6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша Диссертациялық
кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
**8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология
/6D021400/8D02308 – Әдебиеттану)** мамандығы бойынша Диссертациялық
кеңесінің 2023 жылы 4 отырысы өткізілді (07.04.2023-31.12.2023).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Сыздықов Серикбол Кусаинович, Абай атындағы ҚазҰПУ.
2. Жетібай Рақымберді Қажығалиұлы, Абай атындағы ҚазҰПУ.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің диссертациясы бойынша:

1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі».

Мамандық: 6D021400 – Әдебиеттану

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Әбдіғазизұлы Балтабай., философия докторы (PhD), профессор Кенан Коч

Қорғау 2023 жылдың 28 қыркүйегінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- *Бірінші нәтиженің жаңалығы* ұлттық-этнографиялық құндылықтардың қалыптасу, жасалу мен көркемдік даму үрдісінің генезисі жан-жақты зерттелді;
- *Екінші нәтиженің жаңалығы* шығарма кейіпкерлерінің тұлғасын, мінез-әрекетін даму үстінде зерттеп, көркем шығармадағы өсу жолы сараланып, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері сараланды;
- *Үшінші нәтиженің жаңалығы* көркем бейне, шығарманың негізгі тірегі екендігі, шығармадағы негізгі сюжетке қатысушы феномен ретінде тұлғасы жан-жақты мәтінге негізделіп қарастырылды;
- *Төртінші нәтиженің жаңалығы* шығарма кейіпкерлері, олардың кескін-тұлғасы, оқиғадағы жүріс-тұрысы ұлттық-этнографиялық құндылықтар контекстінде диссертациялық зерттеуде жаңаша пайымдалады.

2) *Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкестігі:*

Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

3) *Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Әдебиеттануға кіріспе, қазіргі қазақ әдебиеті пәндерінде эпикалық шығармаларды, оның ішінде проза жанрларын, ондағы ұлттық дүниетаным, этнографиялық ерекшеліктер мәселесі туралы оқылатын дәрістер мен сабақтарға, осы тектес ізденістерге көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының диссертациясы бойынша:

2) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі»

Білім бағдарламасы: 8D02308 – Әдебиеттану

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Әбдіғазиұлы Б., философия докторы (PhD), профессор Незир Тимур

Қорғау 2023 жылдың 27 желтоқсанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- бірінші нәтиже жаңа, прозалық шығармаларындағы жазушының көркемдік-эстетикалық ізденістері туралы құнды тұжырымдар жасалды;

- екінші нәтиже жаңа, жазушының адам жанының ішкі иірімдерін бейнелеудегі стильдік ізденістері мен шеберлігін дәлелдейтін жан-жақты психоаналитикалық талдаулар ұсынылды;

- үшінші нәтиже жаңа, себебі жазушы Жүмекен Нәжімеденовтің қазақ прозасына қосқан үлесіне нақты теориялық және әдеби материалдар негізінде анықтама берілді;

- төртінші нәтиже жаңа, себебі Жазушының прозалық шығармалары тұңғыш рет әңгіме, повесть, роман жанрлары бойынша жүйеленіп, өз ішінен топтастырыла зерттелді;

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Зерттеудің негізгі идеясы ғылымды дамытудың басым бағыттарына, Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басым бағыттарына сәйкес келеді.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Жоғары мектептің филология факультеті студенттеріне қазақ прозасының ерекшеліктерін оқыту болашақ маманды жаң-жақты дамытуға, білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ұлттық құндылықтар мен асыл мұраларды бағалауға үйретеді, олардың интеллектуалдық әлеуеті дамытамыз. Зерттеу жұмысы барысында әзірленген диссертациялық еңбектің ғылыми нәтижелерін «Қазақ әдебиетінің тарихы», «1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Қазақ романының тарихы» сияқты пәндерде көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде әдебиеттану мамандығы бойынша республикадағы жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. Сыздықов Серикбол Кусаиновичтің диссертациясы бойынша:

1. Жарылғапов Жансая Жангазиевич – филология ғылымдарының докторы, профессор, Академик Е. Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы.

2. Худайбергенов Нурбол Джумағалиевич – PhD доктор, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

2. Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының диссертациясы бойынша:

1. Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

2. Сұлтан Ертай – PhD доктор, Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды.

- мамандандырушы кафедраларға докторантура курсы бітірген докторанттардың жұмыстарын аяқтап, диссертациялық кеңес жұмысына ұсынуына ықпал жасау мәселесі ұсыныс ретінде ескерілді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны: «6D021400/8D02308 – Әдебиеттану» бағыты бойынша диссертациялық кеңеске 2023 жыл

бойынша 2 жұмыс түсті. Аталған 2 жұмыс та жоғары дәрежеде қорғалып, ғылыми-педагогикалық өндіріске жол тартты.

1) Қорғауға қабылданған диссертациялар – 2 (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану)

Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) - 0

2) Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 0

3) Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 0

4) Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 0

5) Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 0

6) Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 0

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



Обдігазиұлы Б.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

(қолы, аты-жөні)

Сатемирова Д.А.

« 29 » желтоқсан 2023 жыл